

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ  
Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 128 шешімімен бекітілген  
(«Samruk-Kazyna Construction» АҚ  
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 8 қарашадағы № 146,  
2023 жылғы 31 қазандағы № 194  
шешімдерімен бекіткен  
өзгертулермен және толықтырулармен)

## **«Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрақты даму бойынша саясаты**

Астана қ., 2019 ж.

**«Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрақты даму бойынша саясаты  
жөнінде ақпарат**

<b>Құжаттың функционалдык қолданылу аясы</b>	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрақты даму саласындағы жүйенің негізгі ережелері
<b>Құжаттың мақсаты</b>	Тұрақты даму жүйесінің қызмет етуінің негізгі принциптері
<b>Әзірлеуші</b>	Тұрақты дамуға жауапты құрылымдық бөлімше
<b>Редакциясы</b>	№ 2 редакция
<b>Орнына енгізілді</b>	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты Экологиялық саясат Еңбекті қорғау және қауіпсіздік саясаты
<b>Күшіне енген күні</b>	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ уәкілетті органы құжатты бекіту туралы шешім қабылдаған күннен бастап
<b>Пайдалану мерзімі</b>	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ уәкілетті органы тоқтату туралы шешім қабылдағанға дейін
<b>Түпнұсқаның орналасқан жері</b>	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ кеңсесі

## Мазмұны

<b>1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>4</b>
1. Мақсат .....	4
2. Қолдану аясы .....	4
3. Терминдер мен анықтамалар .....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	5
5. Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары .....	6
6. Тұрақты даму принциптері.....	6
7. Мүдделі тараптармен қарым-қатынас .....	7
<b>2-ТАРАУ. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ .....</b>	<b>9</b>
8. Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету .....	9
9. Тұрақты даму саласындағы қызметтің экологиялық бағыты.....	9
10. Тұрақты даму саласындағы қызметтің әлеуметтік бағыты .....	11
11. Есеп беру және бақылау .....	15
12. Тұрақты даму жүйесі мен корпоративтік басқару жүйелерімен қатынас .....	16
<b>3-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>18</b>
13. Жауапкершілік.....	18

## **1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1. Мақсат**

1.1. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрақты даму бойынша саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы қызметін жетілдіруге бағытталған және оның қағидаттарын, стратегиялық мақсаттарын және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ тұрақты даму жүйесінің тиімділігі туралы есептілікті айқындайды.

1.2 «Корпоративтік басқару процестері» процесі шеңберінде тұрақты даму саясаты әзірленген осы саясатқа № 1 қосымшаға сәйкес тәуекелдер мен бақылау матрицасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Қолдану аясы**

2.1. Осы Саясат «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелеріне және Қоғамның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде иеленетін ұйымдарға қолданылады.

2.2. Осы Саясаттың қағидаттары әлеуметтік, экологиялық мәселелерге, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелеріне, экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету мәселелеріне және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелеріне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс.

2.3. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ қоғамның тұрақты дамуына үлес қосу жауапкершілігін сезіне отырып, Стейкхолдерлер картасында белгіленген тараптардың кең ауқымы алдында әлеуметтік жауапты мінез-құлық бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

2.4. Осы Саясатта көрсетілген маңызды аспектілер «Samruk-Kazyna Construction» АҚ орналасқан аймақтардағы қызметіне және оның әлеуметтік қызметіне байланысты елеулі әсер мен елеулі тәуекелдерді талдау негізінде, оның ішінде халықаралық GRI стандарты талаптарын ескере отырып, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлері негізінде айқындалады.

### **3. Терминдер мен анықтамалар**

3.1. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Қоғам – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ;

әлеуметтік жауапкершілік – Қоғамның өз шешімдері мен қызметінің қоғамға және қоршаған ортаға әсері үшін ерікті түрде қабылдаған міндеттемелерін және жауапкершілігін орындау;

тұрақты даму – болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму;

мүдделі тарап (стейкхолдерлер) – Қоғамға және оның қызметіне ықпал ететін және/немесе оның ықпалына түсетін жеке немесе заңды тұлғалар тобы;

қоршаған орта – Қоғам жұмыс істейтін табиғи орта, оның ішінде ауа, су, жер, табиғи ресурстар, адамдар және олардың өзара қарым-қатынасы;

этикалық мінез-құлық - белгілі бір жағдай контекстінде қабылданған қағидаттарға, құндылықтарға және дәстүрлерге сәйкес келетін, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін мінез-құлық;

заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы;

БҰҰ Жаһандық шарты - тұрақты даму саласындағы ең ірі халықаралық бастама болып табылады, оның мақсаты бизнес-қоғамдастықтың қызметіне адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты енгізу;

Тұрақты даму тұжырымдамасы - әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мен қоршаған ортаны сақтау арасындағы жаһандық тепе-теңдікті қамтамасыз ету қажеттілігіне негізделген өркениет дамуының үлгісі болып табылады;

Тұрақты даму жөніндегі нұсқаулықтар (GRI Guidelines) – дүние жүзіндегі ұйымдарға индикаторлар панелін пайдалана отырып, тұрақтылық стандарттарына қол жеткізуді өлшеуге және қаржылық есептілікке ұқсас түрде нәтижелерді жариялауға мүмкіндік беретін Жаһандық есеп беру бастамасы әзірлеген қаржылық емес есеп беру стандарты;

ISO 26000 стандарты – әлеуметтік жауапкершіліктің негізінде жатқан қағидаттарға, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен мәселелерге, сондай-ақ ұйымның стратегияларына, жүйелеріне, тәжірибесіне және процестеріне әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалай біріктіруге болатыны туралы нұсқаулықты беретін халықаралық стандарт;

ISO 10018 стандарты – қызметкерлердің жұмысқа қатысуы мен құзыретіне әсер ететін адам факторлары бойынша нұсқаулықты қамтамасыз ететін халықаралық стандарт;

ISO 14001 стандарты – сертификаттау жүргізілетін қоршаған ортаны басқару жүйесіне қойылатын талаптарды қамтитын халықаралық стандарт;

AA1000 стандарттары есеп беру, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және тексеру саласындағы халықаралық стандарттар сериясы;

OHSAS 18000 стандарты – өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу бойынша талаптар мен нұсқауларды қамтитын стандарттар сериясы;

Маңыздылық матрицасы - маңызды тақырыптардың графикалық диаграммасы болып табылады.

#### **4. Нормативтік сілтемелер**

4.1. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның осы Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Кодексіне сәйкес әзірленген. Компанияның іскерлік этикасын, сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын ескере отырып, AA Стандарттары 1000 (Accountability

Principles Standard 2008), AA 1000 «Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу стандарты» 2011 (AA 2011 Stakeholder Engagement Standard 2011), Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық ISO 26000 (Guidance on Social Responsibility), ISO 14001 халықаралық стандарттары (Environmental Management System), ISO10018 (Quality management - Guidelines on people involvement and competence) және OHSAS 18000 (Occupational Health and Safety Assessment Scheme), GRI (Global Reporting Initiative) нұсқаулары және тұрақты даму саласындағы Қоғамның қызметін реттеуге арналған негізгі құжат болып табылады.

## 5. Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары

5.1. Қоғам 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 17 Тұрақты даму мақсатын толық қолдай отырып, Қоғамның Тұрақты даму саясатын негізіне алды.



Тұрақты даму саясатын іске асырудың міндеттері:

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салалардағы тұрақты дамуына Қоғамның үлесін арттыру;

мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды дамыту және олардың Қоғамға деген сенімін арттыру;

еңбек тиімділігін арттыру және Қоғам қызметкерлерінің әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

корпоративтік басқару жүйесін дамыту, бизнес-процестердің ашықтығын арттыру.

## 6. Тұрақты даму принциптері

6.1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартының қағидағтарын мойындай отырып, Қоғам өз қызметінде келесі принциптерді ұстанатынын мәлімдейді:

*Адам құқықтарын қорғау саласында:*

Қоғам халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді және құрметтейді;

Қоғам адам құқықтарын бұзуға араласпауды қамтамасыз етеді.

*Еңбек қатынастары саласында:*

Қоғам жиналыстар бостандығын қолдайды және ұжымдық шарттар жасасу құқығын таниды;

Қоғам міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті жоюға ықпал етеді;

Қоғам балалар еңбегін жоюға ықпал етеді;

Қоғам еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.

*Қоршаған ортаны қорғау саласында:*

Қоғам қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алуға ықпал етеді;

Қоғам бастама көтеріп, экологиялық жауапкершілікке ықпал етеді;

Қоғам экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында:*

Қоғам сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да заңсыз әрекеттерге, оның ішінде бопсалау мен паракорлыққа төзбейтінін мәлімдейді.

## **7. Мүдделі тараптармен қарым-қатынас**

7.1. Қоғам мүдделі тараптардың салымдары мен олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі барысында өзара әрекеттесетін әлеуетті мүдделі тараптардың толық тізімін анықтайды. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде мүдделі тараптар екі фактор негізінде олардың Қоғам үшін маңыздылығына қарай жіктеледі: мүдделі тараптың Компанияға ықпал ету күші және мүдделі тараптың Қоғам қызметіне қызығушылық дәрежесі.

7.2. Мүдделі тараптардың қызығушылық дәрежесін анықтау мақсатында Қоғам тұрақты даму саласындағы Қоғам қызметінің маңызды аспектілері мен маңызды мәселелерін анықтау үшін жыл сайын мүдделі тараптарға сауалнама нысандарын жібереді.

7.3. Әсер ету күші (у) және қызығушылық дәрежесі (х) 0-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағаланады.

7.4. Әсер ету және қызығушылық параметрлері бойынша рейтинг нәтижелері бойынша мүдделі тараптар тобы келесі сегменттердің біріне бөлінеді:

Қоғам тарапынан қызметіне мониторинг жүргізуге (бақылауға) міндетті мүдделі тұлғалар;

Қоғам өз процестеріне қатыстыруға тиіс мүдделі тараптар;

Қоғам байланыста болуы тиіс мүдделі тараптар;

Қоғам мүдделеріне қызмет етуді жалғастыруға тиіс мүдделі тараптар.

7.5. Маңыздылық ұпай көрсеткіштеріне сүйене отырып, мүдделі тараптардың әрбір тобына мүдделі тараптардың басымдылығын анықтайтын салмақ беріледі және маңыздылық матрицасын құру кезінде маңызды параметр болып табылады.

7.6. Мүдделі тараптардың қызығушылық дәрежесі маңызды аспектілерді анықтау бойынша кері байланыс алынған мүдделі тараптар тобы өкілдерінің пайызына пропорционалды түрде түзетілуі мүмкін.

7.7. Мүдделі тараптардың әрбір тобы үшін маңыздылық баллы әсер ету күші мен қызығушылық дәрежесін қосу арқылы тағайындалады:  $z = k \cdot x + y$ , мұндағы  $k$  – осы Саясаттың 7.6-тармағында сипатталған түзету коэффициенті.

7.8. Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы келесі принциптерге негізделеді:

мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен қалауларын құрметтеу және ескеру;

мүдделі тұлғаларды уақтылы және жүйелі түрде хабардар ету;

қабылданған міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау.

7.9. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу кезеңділігін, дәрежесін және әдістерін Қоғамның әрбір құрылымдық бөлімшесі дербес белгілейді. Қоғам әзірлеушінің құн тізбегінің барлық кезеңдерінде өзара әрекеттесетін барлық мүдделі тараптар Стейкхолдерлер картасында көрсетілуін қамтамасыз етуге тырысады.

7.10. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқару жүйесінің тиімділік дәрежесі ұзақ мерзімді құнды құрудың, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің және Қоғамның оң беделін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

7.11. Үздік халықаралық тәжірибеге (AA1000 және GRI сериясының стандарттары) сәйкес тиімді өзара әрекеттестік құру мақсатында мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саласында «тарту» қағидасы қолданылады. Бұл қағида Қоғам қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде барлық стейкхолдерлердің мүдделерін ескереді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шегін талқылауға мүдделі тараптарды тартуды білдіреді. Бұл тәсіл өзара әрекеттестіктің үш негізгі принципіне негізделген:

маңыздылық — стейкхолдерлермен Қоғам үшін проблемалардың маңыздылығын дұрыс бағалау;

толықтық – Қоғам қызметінің салдарларының маңыздылығын түсіну;

жауап қайтару – адекватты жауаптың демонстрациясы.

7.12. Қоғамның Басқармасы мүдделі тұлғалардың тізбесін, мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу әдістері мен рәсімдерін қамтитын Стейкхолдерлер картасын бекітеді. Стейкхолдерлер картасы жыл сайын қаралады.

7.13. Стейкхолдерлер картасы әрбір мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу әдістерін әзірлеу мақсатында Қоғамның қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйелеуге және визуализациялауға арналған.

7.14. Қоғам маңыздылық матрицасын анықтайды, ол Қоғам тұрғысынан да, мүдделі тараптар тұрғысынан да қызмет үшін маңызды болып табылатын тақырыптардың салыстырмалы шолуы болып табылады. Көлденең осьте тақырыптар Қоғам үшін маңыздылық дәрежесіне қарай реттеледі, ал тік осьте бұл тақырыптар мүдделі тараптардың бағалауы негізінде орналастырылады.



## **2-ТАРАУ. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

### **8. Қоғам қызметінің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету**

8.1. Тұрақты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі Қоғамның мүдделі тараптардың экономикалық жағдайына, сондай-ақ жергілікті, ұлттық және жаһандық деңгейдегі экономикалық жүйелерге әсерін білдіреді.

8.2. Қоғам өзінің орналасқан аймақтарға тікелей және жанама экономикалық әсерін бақылайды және бағалайды.

8.3. Қоғам өзінің инвестициялық қызметін бақылайды және бағалайды.

8.4. Қоғам қызметінің тұрақты дамудың құрамдас бөліктеріне әсерін мониторингілеу нәтижелері Тұрақты даму есебіне енгізілген.

8.5. Қоғам қолда бар активтер портфелін тиімді пайдалануды және Қоғамның құнын одан әрі арттыруды мақсат етеді.

8.6. Қоғамның қаржылық және операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуі тұрақты даму қағидаттарына қайшы келмейді.

8.7. Қоғам салық төлемдерінің көлемі және мемлекеттік органдардан алынған жеңілдіктер, субсидиялар мен преференциялар көлемі туралы ашық ақпаратты ұсынады.

8.8. Қоғамның қызметі аймақтағы еңбек өнімділігін арттыру, әл-ауқат деңгейін арттыру, тұрғындар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы өзі жұмыс істейтін аймақтарды дамытуға бағытталған.

### **9. Тұрақты даму саласындағы қызметтің экологиялық бағыты**

9.1. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметінің экологиялық бағыттағы негізгі мақсаттары:

іс-шараларды жүзеге асыруда қауіпсіз және тұрақты даму;

Қоғам қызметінің экологиялық заңнамада белгіленген барлық талаптар мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету;

Қоғамның қоршаған ортаға теріс әсер ету тәуекелдерін барынша азайту;

Қоғамның меншігіндегі жер учаскелеріне жауапкершілікпен қарау және ұтымды пайдалану;

қоршаған ортаны басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру.

9.2. Қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғам халықаралық стандарттарда реттелетін келесі принциптерді ұстанады:

Қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі: Заңдар мен ережелерді сақтаумен қатар, Қоғам ауылдық және қалалық жерлердегі және жалпы қоршаған ортадағы қызметі нәтижесіндегі қоршаған ортаға әсер ету үшін жауапкершілікті өз мойнына алады;

Экологиялық тәуекелдерді басқару: Қоғам өз қызметі нәтижесіндегі экологиялық тәуекелдер мен әсерлерді бағалау, алдын алу, азайту және жұмсарту үшін тәуекелдерді және тұрақты даму қажеттілігін ескеретін бағдарламаларды жүзеге асырады;

Қоршаған ортаға әсерді бағалау: Қоғам жаңа қызмет немесе жобаны бастамас бұрын қоршаған ортаға әсерді бағалайды және бағалау нәтижелерін шешім қабылдау процесінің бөлігі ретінде пайдаланады;

Экологиялық қауіпсіз технологиялар мен тәжірибелерді қолдану: Қоғам қоршаған ортаға жол берілмейтін зиянды әсерлердің алдын алуға бағытталған процестерді, инфрақұрылымды және жұмсалатын ресурстарды қолданады және мүмкіндігінше экологиялық қауіпсіз технологиялар мен тәжірибелерді әзірлеуді және таратуды ынталандырады;

Тұрақты сатып алу: Сатып алу туралы шешім қабылдау кезінде Қоғам сатып алынатын тауарлардың немесе қызметтердің өмірлік циклі бойына экологиялық, әлеуметтік және этикалық сипаттамаларын ескереді. Қоғам сертификатталған және әлеуметтік жауапты жеткізушілерден сатып алады.

Оқыту және хабардар ету: Қоғам қызметкерлер арасында хабардар болуды қалыптастырады және қоршаған ортаны қорғау бойынша күш-жігерді қолдау үшін тиісті оқытуды насихаттайды.

9.3. Қоғам қажет болған жағдайда жаһандық және өңірлік экологиялық бағдарламаларға, сондай-ақ өзі жұмыс істейтін аймақтардағы еңбекті қорғау саласындағы жобаларға бастамашылық жасайды және қатысады. Қоғам қоршаған ортаны басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған мемлекеттік органдармен, серіктестермен және басқа да мүдделі тұлғалармен ынтымақтастықты қарастыруда.

*Қоғам қызметінің экологиялық заңнамада белгіленген барлық талаптар мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету*

9.4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, халықаралық құқық пен қоршаған ортаны қорғау стандарттарын қатаң сақтауға және құрметтеуге тырысады.

9.5. Қоғам өзінің орналасқан аймақтарында қоршаған орта мен халықтың денсаулығына қатысты жоспарлы және жүргізіліп жатқан басқару, шаруашылық, инвестициялық және басқа да іс-шараларды жүзеге асырудың ықтимал теріс салдарын анықтайды және шектейді.

9.6. Қоғам экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, сондай-ақ қоршаған ортаны басқару процесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіруге жол бермеуге міндеттенеді.

*Қоғам қызметінде экологиялық принциптерді қолдану*

9.7. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде Қоғам бас мердігерлер, құрылыс салушылар және серіктестер жүргізетін қоршаған ортаны қорғау шараларына мониторинг жүргізеді, бұл салынып жатқан объектінің табиғи ортаға әсерін барынша азайтады және объектінің жұмыс істейтін аймақтың су ресурстары, атмосферасы, флорасы мен фаунасына қолайлы деңгейімен әсер етіп жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

9.8. Инвестициялық жобаларды таңдаған кезде Қоғам Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне және басқа да құрылыс саласындағы стандарттарға сәйкес тұрғын үй объектілерін күтіп ұстау және салу кезінде жайлылықты, қауіпсіздікті және тиімділікті арттыру

үшін әлеуетті серіктестердің технологияларды пайдалануын ескереді, себебі бұл экологиялық тәуекелдерді азайтуға әсерін тигізеді.

9.9. Қоғамның корпоративтік орталығында, еншілес және тәуелді ұйымдарында жалпы қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға өз әсерін басқару мақсатында келесі шаралар қабылданады:

қағазды, шығын материалдарын және энергетикалық ресурстарды үнемді тұтыну;

электрондық құжат айналымы жүйесін, Жалғыз акционермен және еншілес ұйымдармен электрондық есеп беру жүйесін, ақпараттық есептіліктің біріктірілген жүйелерін (қаржылық және басқару) енгізу және жетілдіру;

қызметтік көліктерді ұтымды пайдалану;

су, жылу және электр энергиясын есептеу құралдарын пайдалану.

9.10. Экономикалық, техникалық немесе өзге де сипаттағы ескертпелер жұмысшылардың, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне қайшы келетін болса, Қоғам назарға алынбайтынын түсінеді.

## **10. Тұрақты даму саласындағы қызметтің әлеуметтік бағыты**

10.1. Қоғам теңгерімді кадр саясаты және қызметкерлердің еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыру негізінде Қоғамның еңбек ұжымында әлеуметтік тұрақтылық пен қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге ұмтылады.

10.2. Қоғам әлеуметтік сипаттағы қолданыстағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, әлеуметтік маңызы бар халықаралық, республикалық және өңірлік іс-шараларды іске асыруға белсенді қатысады.

10.3. Компанияның осы бағыттағы негізгі мақсаттары:

Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі;

Адам ресурстарын тиімді басқару;

Кәсіби даму;

Кемсітушілікке жол бермеу және мәжбүрлі еңбек;

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы күрес;

Yellow Pages қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

Сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды басқару;

Әлеуметтік жауапкершілік.

Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі

10.4. Қоғам қауіпсіз еңбек жағдайларының жоғары деңгейін құру және қолдау, қызметкерлердің өндірістік жарақаттары мен кәсіптік ауруларының алдын алу, жұмыс орнындағы қауіптер мен тәуекелдерді ерте анықтау моральдық ахуалды жақсартатынын, еңбек өнімділігі мен Қоғамға деген адалдығын арттыратынын түсінеді және мойындайды.

10.5. Қоғамның еңбекті қорғау саласындағы мақсаттары мен міндеттері: Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы қолданыстағы заңнамасын сақтау; жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу;

еңбекті қорғау саласында жұмыскерлерді даярлау, олардың біліктілігін арттыру;

еңбекті қорғау талаптарының сақталуына бақылауды ұйымдастыру;

қызметкерлерді еңбек жағдайлары, өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулар жағдайлары, еңбек жағдайлары үшін жеңілдіктер мен өтемақылар туралы хабардар ету;

барлық қызметкерлерді еңбек жағдайларын жақсарту және жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша Қоғамның қызметін қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысуға тарту;

еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдармен және халықаралық ұйымдармен тұрақты өзара іс-қимыл жасау;

еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қажетті көлемде қаржыландыру;

қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудің озық тәжірибесін енгізу және еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы менеджментті жетілдіру.

10.6. Қоғам адам ресурстарын жоғары бағалайды және осыған байланысты қызметкерлер үшін қолайлы, салауатты және қауіпсіз еңбек ортасын құру, өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша шаралар қабылданатын болады. Қоғам еңбекті қорғауды және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мәселелерін үйлестіру рөлін еңбекті қорғауға жауапты басшы қызметкерге және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жауапкершілігін тиісті құрылымдық бөлімшенің қызметкеріне жүктеді.

10.7. Қоғам еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы барлық қолданыстағы нормалар мен стандарттарды міндетті түрде сақтау заманауи бизнестің табысты дамуының ең маңызды шарты деп санайды.

#### *Адам ресурстарын тиімді басқару*

10.8. Қоғамның адам ресурстарын басқару саясаты қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы серіктестік қағидатына негізделген және қарқынды дамуға қолайлы корпоративтік ортаны құруға бағытталған.

10.9. Адам ресурстарын басқарудың негізгі ережелері Қоғамның Кадрлық саясатында көрсетілген.

10.10. Қоғам барлық деңгейдегі құзыретті, өкілетті және бірлесіп жұмыс істейтін қызметкерлер Қоғамның құндылық жасау қабілетін арттыратынын мойындайды.

10.11. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Қоғам қызметкерлерді нәтижелерді үнемі жақсарту және бизнес-процестерді жетілдіру процесіне тартады, сонымен қатар қызметкерлердің өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілігін арттырады.

#### *Кәсіби даму*

10.12. Компанияның кадрлық саясатының маңызды бағыттарының бірі мына қағидаттарға құрылған кадрларды дамыту және оқыту болып табылады:

кәсіптік оқыту тақырыптары мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне, қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалатын қажеттіліктерге сәйкестігі;

оқыту іс-шараларының Қоғам қызметкерлерінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге, озық әлемдік тәжірибелер мен халықаралық стандарттарды зерделеуге бағдарлануы;

оқыту мен дамытудың әртүрлі формаларын пайдалана отырып, қызметкерлерді оқыту мен дамытудың үздіксіздігі мен жүйелі процесі;

ағымдағы және болашақ бизнес-процестерді жүзеге асыру үшін қызметкерлерді оқыту мен дамытудың мақсатты саясатын жүргізу;

қызметкерлердің жеке даму жоспарларына, Қоғамның кадр резервіне енгізілген қызметкерлердің мансаптық жоспарларына сәйкес қызметкерлерді оқыту және дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

бітірушілерді даярлау деңгейін арттыру үшін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық.

10.13. Қоғамда оқытуды жүзеге асыру нысандары:

қызметкерлерді оқыту бағдарламаларын іске асыру;

қызметкерлерді оқытудың корпоративтік бағдарламаларын іске асыру;

жұмыс орнында оқыту;

қызметкерлерге қосымша кәсіптік білім алу мүмкіндігін беру.



10.15. Қызметкерлерді кәсіби даярлау және дамыту процесіне қойылатын талаптар Қоғам қызметкерлерін кәсіби даярлау және дамыту қағидаларында реттеледі.

*Кемсітушілікке жол бермеу, мәжбүрлі және міндетті еңбекке тыйым салу*

10.16. Қоғам қызметкерлерді тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістігіне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге мүшелігіне байланысты кемсітуге жол бермейді.

10.17. Қоғам еңбекшілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар құру құқығын мойындайды, сондай-ақ олардың тұратын аумақтарында өндірістік қызметті ұйымдастыру кезінде

байырғы және шағын халықтардың құқықтарының сақталуына кепілдік береді. Осы және басқа да стандарттарды сақтау тәуекелдерді басқару жүйесімен, экологиялық, өндірістік және әлеуметтік менеджмент жүйелерімен, ішкі және сыртқы аудиториялармен байланыс жүйесімен қамтамасыз етіледі.

10.18. Қоғам балалардың немесе мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды.

10.19. Қоғам қызметкердің нәсіліне, ұлттық тегіне, дініне, мүгедектігіне, жынысына, қандай да бір ұйымға қатысына немесе саяси көзқарастарына байланысты қағидаларды немесе әдет-ғұрыптарды ұстануға немесе қажеттіліктерін қанағаттандыруға құқығын жүзеге асыруға кедергі жасамайды, егер бұл өзіне және басқа қызметкерлерге жүктелген жұмысты орындау және олардың құқықтарына нұқсан келтірмеу.

*Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын шешу*

10.20. Қоғам мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және сенімді корпоративішілік қарым-қатынастарды құру үшін қажетті фактілер ретінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықпен күресуді, корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын болдырмауды қоса алғанда, адал іскерлік тәжірибені ұстанады.

10.21. Сыбайлас жемқорлықпен және алаяқтықпен күресу кезінде Қоғам келесі принциптерге негізделеді:

заңдылық және этика;

мүдделер қақтығысының көріністерін қоса алғанда, барлық нысандарда және көріністерде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты қабылдамау;

корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттердің көріністеріне ымырасыз қатынас;

жасалған сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығы.

10.22. Қоғам әлеуметтік жауапты компания ретінде өзінің қаржылық және қаржылық емес қызметінде айқындық пен ашықтықты ұстанады. Атап айтқанда, заңсыз кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл рәсімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

10.23. Қоғам ақшаны жылыстату тәуекеліне ең сезімтал өнімдерді, қызметтерді, тұтынушыларды, үшінші тұлғаларды және аймақтарды анықтауға мүмкіндік беретін тәуекелді бағалауды жүргізеді.

Бұл процесс ақшаны жылыстатуға қарсы шараларды Қоғамға тап болатын тәуекелдермен байланыстырады.

10.24. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі қағидаттары Қоғамның алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында реттеледі.

*Yellow Pages ережесін сақтауды қамтамасыз ету*

10.25. Қоғам бизнес өкілдері болып табылатын экономика салаларына мемлекеттің араласпауын жариялайтын Yellow Pages ережесінің негізгі принциптерін мойындайды.

10.26. Қоғам квазимемлекеттік компания ретінде өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырады.

10.27. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде Қоғам жеке серіктестерді тартуға күш салады.

*Сыртқы әлеуметтік саясат*

10.28. Алынып тасталды - 31.10.2023 жылғы № 194 Директорлар кеңесінің шешімімен.

10.29. Қоғамның барлық салалардағы сыртқы әлеуметтік саясаты Қоғам Миссиясымен тығыз байланысты.

10.30. Қоғам Қоғамның Миссиясына сәйкес келетін сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды бастауға, қолдау көрсетуге және қатысуға құқылы.

*Әлеуметтік жауапкершілік*

10.31. Қоғам өз үй-жайларының тұтынушылары мен жалға алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады.

10.32. Қоғам өнімдер мен қызметтерді тұтынушылардың қажеттіліктерін тиімдірек қанағаттандыру үшін үнемі пікірлерді зерттейді.

10.33. Қоғам тұтынушыларға және/немесе жалға алушыларға өнімдер мен қызметтер туралы нақты, түсінікті және сенімді ақпаратты барынша ыңғайлы түрде және барынша ыңғайлы жолмен тұрақты түрде алуын қамтамасыз етеді.

10.34. Қоғам сатып алушылардан және/немесе жалға алушылардан алынған жеке деректерді және коммерциялық ақпаратты қорғайды.

10.35. Қоғам тұтынушыларды және/немесе жалға алушыларды әлеуметтік мақсаттарға үлес қосатын өнімдермен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **11. Есеп беру және бақылау**

Қоғамның тұрақты дамуы туралы есеп

11.1. Қоғам ашық, шынайы болуға және Қоғамда тұрақты даму саласындағы жүргізіліп жатқан саясаттың толық бейнесін көрсетуге ұмтылады. Қоғам жыл сайын GRI нұсқаулығында белгіленген талаптарға сәйкес тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептерді дайындайды.

11.2. Тұрақты даму туралы есепті Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

11.3. Тұрақтылық туралы есеп тұрақтылық жүйесінің тиімділігінің объективті және толық бейнесін, соның ішінде жетістіктер мен қиындықтарды, сондай-ақ қиындықтарға жауап беру жолдарын ұсынады.

11.4. Қоғамның тұрақты даму жөніндегі есебі Қоғамның мүдделі тараптарымен кері байланыс нысанының бірі болып табылады және веб-сайтта жарияланады.

*Тұрақты даму жүйесінің тиімділігін бағалау*

11.5. Қоғам тұрақты негізде оның өзектілігін, сәйкестігін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін тұрақты даму жүйесін қарастырады. Қарау процесі тұрақты даму саясаты мен мақсаттарын қоса алғанда, жақсарту мүмкіндіктерін және тұрақтылық негізін бағалауды қамтиды.

1.6. Тұрақты даму жүйесінің тиімділігі мұқият бақылауға, қабылданған әрекеттерді бағалауға және тексеруге, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, пайдаланылатын ресурстарға және Қоғам қызметінің басқа аспектілеріне байланысты. Осыған байланысты Қоғам тұрақтылықтағы ілгерілеушілікті анықтау, нақты бағдарланған бағдарламаларды жеткізуге көмектесу, өзгертуді қажет ететін салаларды анықтау және іске асыруды жақсартуға ықпал ету үшін мерзімді жұмыс мониторингін жүргізеді.

11.7. Тұрақты даму жүйесінің тиімділігін бағалау Қоғамның тұрақты даму есебіне енгізілген.

11.8. Тұрақты даму жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері:

Қоғам жүргізетін тұрақты дамудың барлық аспектілері бойынша мүдделі тараптарға сауалнама жүргізу негізінде Қоғамның тұрақты дамуы саласындағы Есептің сенімділік дәрежесін арттыру;

қызметкерлерді тарту бойынша жыл сайынғы зерттеу шеңберінде алынған кері байланысты талдау негізінде қызметкерлердің жұмысқа тартылу индексын арттыру;

заңнаманы сақтамау мәселелері бойынша Қоғамға өтініштер санын азайту; салыстыру өткен жылғы сұраныстардың санына қатысты есепті жылдағы сұраулардың ішінара саны ретінде жүзеге асырылады.

11.9. Тұрақты даму жүйесінің тиімділігін бағалаудың белгіленген негізгі көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша Қоғам орнықты даму жүйесінің тиімділігін арттыруға әкелуі мүмкін бағдарламалардағы өзгерістерді анықтайды.

## **12. Тұрақты даму жүйесі мен корпоративтік басқару жүйелерімен қатынас**

12.1. Қоғам басшылығы қабылдайтын барлық корпоративтік шешімдер тұрақты даму саласындағы принциптер мен мақсаттарға сәйкес келуі керек.

12.2. Тұрақтылық менеджменті - бұл өзара байланысты корпоративтік функция; басшылық және желілік менеджерлер стратегиялық жоспарлауда да, күнделікті қызметте де өз жұмысының әлеуметтік аспектісін ескереді.

12.3. Қоғамдағы шешімдерді қабылдау процестері мен құрылымдары мыналардың мүмкіндігін қарастырады:

әлеуметтік жауапкершілік бойынша міндеттемелерді көрсететін стратегияны, мақсаттар мен міндеттерді анықтау;

басшылық міндеттеме мен жауапкершілікті көрсету;

әлеуметтік жауапкершілік қағидаттары іске асырылатын орта мен мәдениетті құру және қолдау;

әлеуметтік жауапкершілік саласындағы нәтижелерге байланысты материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін құру;

қаржылық, табиғи және адам ресурстарын тиімді пайдалану;

жеткіліксіз өкілдік ететін топтарға (гендерлік, нәсілдік және этникалық топтарды қоса алғанда) Қоғамда басшылық лауазымдарды атқаруға әділ мүмкіндіктер беру;



Қоғамның және мүдделі тараптардың қажеттіліктерін, оның ішінде ағымдағы қажеттіліктер мен болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін теңестіру; жақсарту бағыттарын анықтауға көмектесетін Қоғам мен мүдделі тараптар арасында екі жақты ақпарат алмасу процестерін орнату;

барлық деңгейдегі қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілік саласында тиімді қатысуын ынталандыру;

Қоғам атынан шешім қабылдайтын адамдардың өкілеттігі, жауапкершілігі мен мүмкіндіктері деңгейінде теңгерімді табу;

осы шешімдердің әлеуметтік-жауапты түрде орындалуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау және Қоғамның оң және теріс шешімдері мен қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті анықтау;

Қоғамның басқару процестерін кезеңді түрде талдау және бағалау, талдау нәтижелеріне сәйкес процестерді түзету және өзгерістер туралы ақпаратты Қоғамдағы барлық тұлғаларға жеткізу.

#### *Даму стратегиясы*

12.4. Стратегиялық бағыттардың функционалдық міндеттерінің бірі ESG қағидаттарын (environmental, social, governance) ұстану болып табылады.

12.5. Алынып тасталды - 31.10.2023 ж. № 194 Директорлар кеңесінің шешімімен.

12.6. Алынып тасталды - 31.10.2023 ж. № 194 Директорлар кеңесінің шешімімен.

12.7. Қоғамның стратегиясында және қызметінде ESG қағидаттарын ұстану осы принциптерге барлық деңгейлерде берілгендікті болжайды.

#### *Орта мерзімді жоспарлау*

12.8. Бұл Саясат бизнес-жоспарлаумен келісілген және өнімділікті басқару жүйесіне біріктірілген. Атап айтқанда, Қоғамның бизнес-жоспарларында Даму стратегиясына және тұрақты даму саласындағы іс-шараларға байланысты іс-шараларды қаржыландыруға арналған шығыстар қарастырылған.

#### *Инвестициялық қызмет*

12.9. Қоғам инвестициялық жобалардың тиімділігін, оның ішінде пост-мониторингті жүйелі түрде бағалайды.

12.10. Инвестициялық жобаны бастау туралы шешім қабылдау кезінде Қоғам тұрақты даму қағидаттарын да басшылыққа алады.

#### *Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау*

12.11. Қоғам тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді Қоғамның тәуекелдер тізіліміне енгізеді және оларды азайту бойынша шаралар қабылдайды.

12.12. Қоғам тұрақты даму саласындағы тәуекелдердің іске асырылуын бақылайды және бұл ақпаратты тәуекелдерді басқару жөніндегі тұрақты есептерге енгізеді.

12.13. Қоғам серіктестерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салаларға ықтимал теріс әсерінен туындайтын тәуекелдерді анықтайды және кейіннен мұндай әсерлерді тоқтатуға немесе болдырмауға бағытталған шараларды қабылдайды.

#### *Корпоративтік басқару*

12.14. Қоғамның тұрақты даму жүйесі корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты. ESG іске асыру жоспары корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын қамтиды.

12.15. Тұрақты дамуды корпоративтік басқаруға интеграциялау құралдары болып басқару органдарына тиісті функцияларды беру және қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру табылады.

### **3-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **13. Жауапкершілік**

13.1. Қоғам тұрақты даму жүйесін тиімді енгізуді өз еркімен шешеді және бұл Саясат осы бағыттағы іргелі қадам болып табылады.

13.2. Қоғам тұрақты даму жүйесін Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйелерімен біріктіру үдерісі барлық негізгі аспектілер мен мәселелер бойынша бір уақытта немесе бірдей жылдамдықта жүргізілмеуі керектігін түсінеді. Қысқа немесе ұзағырақ уақыт кезеңінде көптеген әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін шешу үшін қабылданатын шаралар орындылығы тұрғысынан талданады және Қоғамның мүмкіндіктері, қолда бар ресурстары мен басымдықтары ескеріледі.

13.3. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тұрақты даму қағидаттарын және осы Саясаттың ережелерін іске асыруға, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы жүйені енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға стратегиялық бағытты және бақылауды жүзеге асырады.

13.4. Қоғам Басқармасының жанындағы Тұрақты даму комитеті Қоғамның қолданыстағы саясаты мен рәсімдеріне, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы заңнамалық талаптарға түгендеу жүргізеді.

#### **Өзгертулерді тіркеу парағы**

№ п/п	Өзгеріс енгізілген датасы	Бөлімнің, бөлімшенің нөмірі, өзгертуге жататын тармақтың нөмірі	Қосымша №, редакция №	Өзгеріс енгізгеннің ТАЖ	Өзгеріс енгізгеннің қолы

### ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН БАҚЫЛАУЛАР МАТРИЦАСЫ

№	Процесс	Ішкі процесс/қадам	Процестің тәуекел коды	Процестің тәуекелінің сипаттамасы	Бақылау процедурасының мақсаты	БПД коды	Қолданыстағы БПД		БПД несі	БПД жиелігі	БПД типі (қолмен/авто)		
							БПД сипаттамасы	Құжатқа сілтеме			(Қолмен/автоматты)	(Алдын алу/Детектив)	(Негізгі/өтемдік)
1	Корпоративтік басқару процесі	Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру	P_60	Корпоративтік басқару шараларының тиімсіз жүзеге асырылу қаупі (сапасыз және/немесе уақтылы орындалмау)	Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде тұрақты даму қағидаттарын енгізу	БПД_60	Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын қалыптастыру және оның орындалуын бақылау	Тұрақты даму саясаты	Сыртқы байланыстар мен стратегия департаментінің директоры	Жылына 1 рет	Қолмен	Детективті	Негізгі